

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тайланд Корольдігі Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 16 сәуірдегі N 345

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
1996 жылғы 3 мамырда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тайланд Корольдігі Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тайланд Корольдігі Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы КЕЛІСІМ

(1999 жылғы 19 тамызда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тайланд Корольдігі Үкіметі,
Қазақстан Республикасы мен Тайланд Корольдігі 1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода қол қою үшін ашылған Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның қатысушылары болып табылатындығын ескере отырып, сондай-ақ ескертілген Конвенцияға қосымша ретінде, өздерінің тиісті аумақтарының арасында әуе қатынасын орнату мақсатында Келісім жасауды қалай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап Айқындамалар

- Осы Келісімнің мақсаттары үшін контекстен басқадай мән туындамаса:
 - "Конвенция" атауы - 1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода қол қою үшін ашылған Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияны және осы Конвенцияның 90-бабына сәйкес қабылданған кез келген Қосымша мен Конвенцияның 90 және 94-баптарына сәйкес Қосымшаларға немесе Конвенцияға енгізілген кез келген түзетулерді, егер осы қосымшалар мен түзетулер екі Келісуші Жақтарға қаншалықты қолданымды болса, соншалықты соларды білдіреді;
 - "авиациялық билік орындары" атауы - Қазақстан Республикасының жағдайында - Көлік және коммуникациялар министрлігін, және Тайланд Корольдігінің жағдайында - Көлік және коммуникациялар министрлігін немесе екі жағдайда да, көрсетілген билік орындарының міндетін атқаруға осы кезде өкілеттік алған кез келген тұлғаны әйтпесе

ұ й ы м д ы

б і л д і р е д і ;

в) "тағайындалған авиация кәсіпорны" атауы - осы Келісімнің 6-бабына сәйкес келісілген әуе жолдарын пайдалану үшін бір Келісуші Жақпен тағайындалған авиакәсіпорынды

б і л д і р е д і ;

г) "тариф" атауы - жолаушыларды, багаж бен жүктерді алып жол жүру құнын және комиссиялық алымдар мен делдалдық немесе көлік құжаттарын сатқаны үшін басқа қосымша өтемдерді қоса есептегенде осы құн қолданылатын жағдайларды білдіреді, бірақ бұған өтемдер мен пошта тасымалдауларының жағдайлары қосылмайды.

2. Қосымша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Егер басқа ештеңе айтылмаса, онда Келісімнің барлық сілтемелері Қосымшаны да қосып алады.

2-бап Құқықтардың берілуі

1. Келісуші Жақтардың әрбірі осы Келісімге қоса берілген маршруттар кестесінде белгіленген маршруттар бойынша әуе қатынасын пайдалану мақсатымен осы Келісімде көрсетілген құқықтарды екінші Келісуші Жаққа береді. Мұндай қатынастар мен маршруттар бұдан былай "келісілген әуе жолдары" және "белгіленген маршруттар" деп аталады.

2. Осы Келісімнің жағдайларына сәйкес Келісуші Жақтардың әрбірімен тағайындалған авиакәсіпорны халықаралық әуе қатынастарына байланысты мынадай құқықтарды пайдаланатын болады:

а) екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағы арқылы қоныс жасамай ұшып өту құқығын;

б) коммерциялық емес мақсаттармен көрсетілген аумақта қоныс жасау құқығын;

с) осы Келісімнің Қосымшасында аталған тармақтарда көрсетілген аумақтарда екінші Келісуші Жақтың аумағындағы пункттерге бара жатырған немесе келе жатырған жолаушыларды, багажды, жүкті және поштаны тиеу және түсіру құқығын;

3. Осы баптың 2 тармағының ештеңесі бір Келісуші Жақтың авиакәсіпорнының екінші Келісуші Жақтың аумағында жал жағдайында немесе сыйақы үшін және осы Келісуші Жақтың аумағындағы басқа пунктте тасымалдау үшін арналған жолаушыларды, жүк пен поштаны бортқа алуға құқық береді деп қаралмайды.

4. Егер қарулы қақтығыстың, саяси толқудың, табиғи апаттың немесе ерекше жағдайлардың салдарынан бір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорны өзінің әдеттегі маршруты бойынша қатынас жасай алмаса, онда екінші Келісуші Жақ уақытша өзгертілген маршрут бойынша осындай жолдарды пайдалану үшін бар күшін салады.

3-бап Құқықтарды пайдалану

1. Әрбір Келісуші Жақтың көрсетілген авиакәсіпорны белгіленген маршруттарда бір Келісуші Жақтың аумағынан екінші Келісуші Жақтың аумағына дейін немесе кері

қарай тасымалдауларды орындауға толық және тең және екінші Келісуші Жақтың аумағында немесе маршрут пункттеріне дейін тиелетін немесе түсірілетін қосымша тасымалдауларға мүмкіндігі бар деп есептелетін болады. Әрбір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорны екінші Келісуші Жақтың аумағында тиелген және белгіленген маршруттардың пункттерінде түсірілген немесе кері қарай жүктерді тасу үшін тасымалдау көлемін қамтамасыз ете отырып, осы авиакәсіпорындардың мүдделеріне зиян келтірмеу үшін осындай тасымалдаулар бойынша екінші Келісуші Жақ авиакәсіпорнының мүддесін ескеретін болады.

2. Әрбір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнымен келісілген әуе жолдарында көрсететін қызметтері белгіленген маршруттар бойынша қоғамдық тасымалдаулар талаптарына тығыз байланысты болады және әрбір авиакәсіпорын өзінің бірінші кезектегі міндеті ретінде авиакәсіпорынды тағайындаған Келісуші Жақтың аумағында тиелетін және түсірілетін поштаны қоса есептегенде жолаушылар мен жүктерді тасымалдау мұқтажығын қанағаттандыру үшін теңбе-тең тасымалдау көлемін қамтамасыз етуді есептейтін болады.

3. Екінші Келісуші Жақтың аумағынан жөнелтілетін және белгіленген маршруттар бойынша үшінші елдердегі пункттерге немесе кері қарай жеткізілетін жолаушылардың, жүктер мен пошта тасымалдауларын қамтамасыз ету жалпы принциптерге сәйкес тасымалдаулар көлемі мыналарға байланысты жүзеге асырылатын болады:

а) авиакәсіпорынды тағайындаған екінші Келісуші Жақтың аумағына немесе аумағынан жөнелтілетін тасымалдауларға деген мұқтаждықтан;

б) регионда орналасқан мемлекеттердің авиакәсіпорындарымен белгіленген басқа әуе қатынастарын ескере отырып, авиажолдар ететін сол регионның тасымалдауға деген мұқтажығынан;

в) авиажолдарды тікелей пайдалану мұқтажығынан.

4. Басында қамтамасыз етілетін тасымалдаулар көлемі келісілген әуе жолдарын пайдаланғанға дейін екі Келісуші Жақтың арасында келісілуі тиіс. Соңынан уақыт өткен сайын тасымалдаулар көлемі және кез келген тасымалдаулар көлемінің өзгерісі Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарының арасында талқылануы тиіс және кез келген тасымалдаулар көлемінің өзгерісі нота алмасу жолымен расталуы тиіс.

4-бап Заңдар мен ережелердің қолданылуы

1. Бір Келісуші Жақтың халықаралық әуе тасымалдауларын атқаратын әуе кемелерінің өз аумағына ұшып келуін және кетуін, немесе осындай әуе кемесінің оның аумағында ұшуларын реттейтін заңдары мен ережелері екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнына да қолданылатын болады.

2. Бір Келісуші Жақтың өз аумағында жолаушылардың, экипаждың, багаждың, жүктің немесе поштаның болуын және жөнелтілуін, келу, кету, эмиграция және

иммиграцияға байланысты формалдылықтарды, сондай-ақ кедендік және санитарлық шаралары сол ескертілген аумақ шеңберінде болған кезінде екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнымен тасымалданатын жолаушыларға, экипажға, багажға, жүкке немесе поштаға қатысты да қолданылады.

3. Келісуші Жақтардың ешқайсысы да осы бапта қарастырылған заңдар мен ережелерді қолдануға өзінің тағайындалған авиакәсіпорнына екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнына қатысты артық үстемдік құқық бере алмайды.

5-бап Авиация қауіпсіздігі

1. Келісуші Жақтар өздерінің халықаралық құқықтардан туындайтын құқықтары мен міндеттеріне сәйкес, азаматтық авиация қауіпсіздігін оған заңсыз түрде араласу актілерінен қорғау жөніндегі бір-біріне қатысты алған міндеттемелерін осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады деп растайды. Халықаралық заңдар бойынша алынған өз құқықтары мен міндеттерінің жалпы қолданысын шектеп қоймай, Келісуші Жақтар сонымен бірге 1963 жылғы 14 қыркүйекте Токиода қол қойылған әуе кемесінің бортында жасалатын қылмыстар мен қайсы-бір басқа актілер туралы Конвенцияның, 1970 жылғы 16 желтоқсанда Гаагада қол қойылған әуе кемесін заңсыз басып алумен күресу туралы Конвенцияның және 1971 жылы 23 қыркүйекте Монреальда қол қойылған Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен күресу туралы Конвенцияның қағидаларына сәйкес әрекет-қимыл жасайды.

2. Келісуші Жақтар өтініш етілген жағдайда әуе кемелерін заңсыз басып алу мен сол әуе кемелерінің, олардың жолаушылары мен экипаждардың, аэропорттар мен әуе навигациялық құралдарының қауіпсіздігіне қарсы бағытталған, сондай-ақ Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қатер туғызатын кез келген бөгде әрекеттерге жол бермеу үшін бір-біріне барлық қажетті көмекті көрсетіп отырады.

3. Келісуші Жақтар екеу-аралық қарым-қатынасында Халықаралық азаматтық авиация Ұйымы орнатқан авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелерге және Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның аталмыш Қосымшаларындағы ережелерге сәйкес, сол ереже-қағидалар қаншалықты қолданымды болса, соншалықты дәрежеде қимыл-әрекет жасайды. Олар әуе кемелеріне қызмет көрсетушілерден және өз аумақтарында тұрақтайтын немесе негізгі қызметтік орыны бар әуе кемелерін пайдаланушылардан, сонымен бірге өз аумақтарындағы халықаралық әуежайлардағы қызметкерлерден де авиация қауіпсіздігі жөніндегі ереже-қағидаларға сәйкес әрекет-қимыл жасауын талап ететін болады.

4. Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жақтың аумағына кіру, одан ұшып кету немесе сол аумақ шеңберінде болу үшін қарастырылған осы баптың 3-тармағында ескерілген авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелер мен талаптардың әуе кемелеріне қызмет етушілер тарапынан ұқыпты сақталуын екінші Келісуші Жақ тікелей талап ете

алады дегенге келіседі. Әрбір Келісуші Жақ өз аумағы шеңберінде әуе кемелерін қорғау және жолаушыларды, экипажды, қол жүгін, багажды, жүкті және борттық қорларды әуе кемесіне отырғызудан немесе тиеуден бұрын, әйтпесе осы процесстер кезінде тексеру үшін қажетті шаралардың қолданылуын қамтамасыз ететін болады. Әрбір Келісуші Жақ нақтылы қатер туған жағдайда арнайы қауіпсіздік шараларын қолдану туралы екінші Келісуші Жақтың қайсы-бір өтініші болса да тілектестікпен қ а р а п қ а б ы л д а й т ы н б о л а д ы .

5. Әуе кемесін заңсыз басып алуға байланысты әрекет жасалған, немесе қақтығыс қатері туған жағдайда, әйтпесе әуе кемесінің, оның жолаушылары мен экипажының, аэропорттар мен әуе навигациялық құралдардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілер орын алған болса, Келісуші Жақтар ондай қақтығыстарды немесе оның қауіп-қатерін жедел түрде және зардапсыз жою мақсатымен өзара байланысты неғұрлым жеңілдетуге қажетті шара қолдану арқылы бір-біріне көмек көрсететін болады.

6-бап Авиакәсіпорындарды тағайындау мен өкілеттіктер беру

1. Әрбір Келісуші Жақ келісілген әуе жолдарын пайдалану үшін бір авиакәсіпорынын тағайындауға құқықты болады. Осындай тағайындаулар екі Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарының арасында жазбаша түрде жүргізіледі.

2. Тағайындау туралы осындай хабарландыру алған авиациялық билік орындар осы баптың 3 және 4 тармақтарына сәйкес екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнына қажетті өкілеттіктер береді.

3. Бір Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары, екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнынан халықаралық әуе қатынастарын пайдалану кезінде Конвенцияның қағидаларына сәйкес ескертілген өкіметтермен әдеттегідей қолданылатын заңдары мен ережелерінің талаптарын орындай ала білетін қабілетіне дәлелдемелер талап етуі мүмкін.

4. Әрбір Келісуші Жақ авиакәсіпорынды тағайындаған екінші Келісуші Жақтың, әйтпесе оның азаматтарының тағайындалған авиакәсіпорыны үстінен айрықша иелік билігін жүргізе алатындығына және пәрменді бақылау жасай алатындығына дәлелі жоқ барлық жағдайда, ол авиакәсіпорнына осы баптың 1 және 2 тармақтарында ескертілген пайдалану өкілеттіктерін беруден бас тарта алады немесе осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген құқықтарды пайдалану үстінде қажет болады деген әрқилы шарттардың орындалуын талап ете алады.

5. Осы баптың 2 тармағы бойынша берілетін пайдалану өкілеттіктерін алған

тағайындалған авиакәсіпорын осы Келісімнің 14-бабының қағидаларына сәйкес белгіленген тарифтер күшінде болған кезде келісілген әуе жолдарын пайдалануды бастай алады.

7-бап Пайдалану рұқсатының күшін жою және уақытша тоқтату

1. Келісуші Жақтардың әрқайсысы екінші Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорнының ұшуларына берілген рұқсатты жоюға немесе осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген құқықтардың пайдалануын уақытша тоқтата тұруға, әйтпесе сол құқықтарды пайдалану үстінде қажет болады деген әрқилы шарттардың орындалуын мына жағдайларда талап ете алады:

а) авиакәсіпорынын тағайындаған Келісуші Жақтың немесе оның азаматтарының қолында сол авиакәсіпорнының үстінен айрықша иелік барлығына күмән келтіргендей немесе пәрменді бақылау жүргізе алатындығына сенбегендей барлық жағдайларда;

б) егер осы авиакәсіпорын өзінің ұшуына құқық берген Келісуші Жақтың заңдары мен ережелерін бұзған жағдайларда;

в) егер аталмыш авиакәсіпорын осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келісілген әуе жолдарын пайдалануға қабілеті жоқ жағдайда.

2. Егер осы баптың 1 тармағында көрсетілген рұқсатты жедел түрде жою, уақытша тоқтата тұру немесе шарттардың орындалуын талап ету заңдар мен ережелердің одан әрі де бұзылуына тыйым салу үшін қажетті шара болмаса, онда сол тармақта сөз болған құқық екінші Келісуші Жақпен кеңесуден кейін барып жүзеге асады.

8-бап Куәліктер мен лицензияларды мақұлдау

1. Бір Келісуші Жақтың берген немесе пәрменді деп таныған, күш мерзімі өтпеген ұшуға жарамдылық куәліктері, біліктілік куәліктері мен айғақтары Конвенцияға сәйкес белгіленген ең аз деңгейден жоғары немесе тең болған жағдайда пәрменді деп саналады.

2. Дегенмен, әрбір Келісуші Жақтың өз мемлекетінің азаматтарына берген немесе екінші Келісуші Жақпен не кез келген мемлекетпен пәрменді деп танылған өз аумағының үстінен ұшуға қолданылатын біліктілік куәліктерін мойындаудан бас тартуға құқығы бар.

9-бап Салықтар мен баждардан босату

1. Халықаралық тасымалдаулар үшін қолданылатын бір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнының әуе кемесі, сондай-ақ олардың табельдік құрал-жабдықтары, сол әуе кемелеріне тиелген жанармай және жағармай

материалдарының қоры, борттық қорлар (азық-түлік тағамдары, сусындық және темекі заттарын қоса есептегенде) екінші Келісуші Жақтың аумағына әкелінгеннен кейін барлық баждар мен алымдардан босатылады, әйтседе кері әкетілген мерзімге дейін мүлік, материалдар мен қорлар әуе кемесінің бортында қалуға тиісті.

2. Сонымен бірге, көрсетілген қызметтердің төлемақыларын қоспағанда, ондай салықтардан, баждар мен алымдардан мыналар да босатылады:

а) бір Келісуші Жақтың аумағында осы Келісуші Жақтың құзырлы өкіметі белгіленген көлемде алынып, және де екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнының халықаралық әуе қатынастарында пайдаланатын әуе кемесінің бортында тұтынуға арналған борттық қорлары;

б) бір Келісуші Жақтың аумағында екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнының халықаралық әуе тасымалдауларында пайдаланатын әуе кемесін тиісті техникалық қызметтен өткізу және жөндеу үшін әкелінген қосалқы бөлшектері;

с) бір Келісуші Жақтың аумағында екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнының халықаралық ұшуларда пайдаланатын әуе кемесінің тұтынуы үшін берілген жанар және жағармай материалдары, тіпті сол қорлар мен материалдар тиелген Келісуші Жақтың аумағының шегінде жатқан маршрут бөлігінде қолданылатын болса да.

3. Бір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнымен пайдаланылатын әуе кемесінің бортындағы табельдік мүліктер, сондай-ақ материалдар мен қорлар екінші Келісуші Жақтың аумағына тек осы Келісуші Жақтағы кедендік билік орындарының келісімімен ғана түсірілетін болады. Ондай жағдайда олар кері әкетілгенге дейін немесе кедендік ережелерге сәйкес басқадай қолданыс тапқанға дейін ескертілген билік орындарының қадағалауында болып жайластырылуы мүмкін.

10-бап Тікелей транзит

Бір Келісуші Жақтың аумағы арқылы тікелей транзитпен ұшып өтетін және де сол мақсатқа бөлінген әуежайдан алыс ұзамайтын жолаушылар, багаж, жүк жеңіл-желпі ғана бақылаудан өткізіледі. Тікелей транзиттегі багаж және жүктер кедендік баждарды қосқанда салықтар мен баждардан босатылады.

11-бап Алымдар ставкалары

1. Әрбір Келісуші Жақ тиесілі өкіметтермен екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнына беретін алымдар ставкаларының немесе оған рұқсаттардың әділ де орынды болуы үшін бар күшін салады. Ол тиімді экономикалық принциптерге негізделетін болады.

2. Бір Келісуші Жақтың екінші Келісуші Жаққа әуежайлар мен аэронавигациялық құралдарды және қызметтерді пайдалану үшін ұсынатын алымдары жүйелі

халықаралық әуе қатынасында пайдаланатын ұлттық әуе кемесімен төленетін алымдардан артық болмауы тиіс.

12-бап Коммерциялық қызмет

1. Бір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорны екінші Келісуші Жақтың кіруге, өмір сүруіне және қызметіне қатысты заңдары мен ережелеріне сәйкес келісілген әуе жолдарын пайдалану үшін қажетті басқарушылық, коммерциялық, техникалық және қызмет көрсететін персоналдарды екінші Келісуші Жақтың аумағына ә к е л у і және ұ с т а у ы мү м к і н .

2. Коммерциялық қызметте өзаралық принцип сақталады. Әрбір Келісуші Жақтың құзырлы органдары екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнының өкілдері өз қызметімен тиісті дәрежеде айналысуы үшін барлық қажетті кепілдіктерді қ а б ы л д а й т ы н бо л а д ы .

3. Жеке алғанда, әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнына өз аумағында тікелей авиатасымалдаулармен өз агенттері арқылы айналысуына құқық береді. Әрбір авиакәсіпорынның осындай тасымалдауларды сатуына және кез келген тұлғаның оны осы мемлекеттің валютасына немесе басқа елдердің ұлттық заңдары мен ережелеріне сәйкес еркін конверсияланатын валютамен сатып алуына болады.

13-бап Табыстарды аудару және конвертациялау

Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнына осы авиакәсіпорынмен бірінші Келісуші жақтың аумағында жолаушыларды, багажды, жүк пен поштаны тасымалдаудан тапқан табысы мен шыққан шығысының артығын еркін аударуға құқық береді. Мұндай ақша аудару ресми ақша айырбастау бағамымен жүргізіледі. Егер осындай табыс аудару Келісуші Жақтардың арасындағы арнайы келісімімен реттелетін болса, онда осындай келісім қолданылатын болады.

14-бап Тарифтер

1. Әрбір тағайындалған авиакәсіпорынмен екінші Келісуші Жақтың аумағында немесе аумағынан кез келген тасымалдау алынатын тарифтері эксплуатациялық шығындарды, орынды пайданы және әуе жолдарының сипаты мен басқа авиакәсіпорындардың тарифтері мен тиісті факторларды қоса есептегенде ақылға с ы й ы м д ы шеңберде белгіленетін болады .

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тарифтер екі Келісуші Жақтардың тағайындаған авиакәсіпорындарымен келісім жасау жолымен және маршруттың барлығын немесе оның бір бөлігін пайдаланатын басқа авиакәсіпорындармен

қолданылатын тарифтерді ескере отырып, мүмкіндігінше белгіленетін болады.

3. Осылайша үйлестірілген тарифтер екі Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарының бекітуіне сол тарифтердің күшіне енетін болжамды мерзімінен кемінде 60 (алпыс) күн бұрын тапсырылады. Кейбір жеке жағдайларда ескертілген билік орындарының келісімімен бұл мерзімнің қысқартылуы мүмкін. Тарифтерді бекіту үшін алған авиациялық билік орындары оны жедел түрде қарай бастайды. Авиациялық билік орындар екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарынан тарифті енгізудің болжамдалған күнін ұзартуын сұрауы мүмкін. Кез келген Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары онымен келіспесе бірде бір тариф күшіне енбейді.

4. Егер тағайындалған авиакәсіпорындар қайсы-бір тарифті бекіту мәселелері бойынша келісімге келе алмаса немесе егер тарифтер бір Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарымен бекітілмесе, екі Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары өзара келісу жолымен тарифтерді анықтайтын болады. Егер басқаша айтылмаса, мұндай келіссөздер тағайындалған авиакәсіпорындардың келіспеген күні белгіленгеннен кейін немесе бір Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарының екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарына тарифтермен келіспейтіні туралы мәлімдеген күннен бастап отыз күннің ішінде басталады.

5. Уағдаластық болмаған кезде дау-дама осы Келісімнің 18-бабында көрсетілген процедураларға сәйкес шешіледі.

6. Осы баптың қағидаларына сәйкес белгіленген тарифтер осы баптың қағидаларына сәйкес жаңа тарифтер белгіленгенге дейін күшінде қалады.

7. Әрбір Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарымен бекітілген тарифтерді, сондай-ақ оларға байланысты заңдар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін салатын болады.

15-бап Кестелерді ұсыну

Бір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорны екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарына әрбір белгіленген маршрут бойынша тасымалдаулар көлемін және осы Келісімді лайықты түрде орындау үшін қажет болуы мүмкін бұдан арғы ақпарларды қоса есептегенде әуе жолдарының, кестенің, әуе кемесінің түрін сипаттауға қатысты ақпарларды мүмкіндігіне қарай дер кезінде келісілген жолдарды немесе түзетулерді енгізгенге дейін кемінде 30 күнге дейін немесе авиациялық билік орындарынан сұрау түскен күннен кейінгі 30 күннің ішінде ұсынатын болады.

16-бап Статистикалық ақпараттарды беру

Екі Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары талап ету бойынша келісілген әуе жолдары бойынша тасымалдауларға қатысты мерзімді статистикалық хабарлармен немесе басқа осы сияқты ақпараттармен бір-бірін қамтамасыз ететін болады.

17-бап Кеңесулер

Келісуші Жақтардың кез келгені кез келген уақытта осы Келісімге байланысты кез келген проблемалар бойынша кеңесулер сұрауы мүмкін. Мұндай кеңесулер екінші Келісуші Жақтан сұрау немесе басқа жолдар арқылы өтініш түскен күннен бастап 60 күннің ішінде басталады.

18-бап Дау-дамаларды реттеу

1. Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты Келісуші Жақтардың арасында туындайтын әрбір дау-дама әуелі олардың арасындағы тікелей келіссөздер арқылы шешілетін болады.

2. Егер Келісуші Жақтар келіссөздер үстінде уағдаластыққа келе алмаса, онда олар дау-даманың қаралуын басқа адамға немесе ұйымға тапсыра алады; егер ондай шешім жолына олар келіспесе, онда Келісуші Жақтардың бірінің өтініші бойынша дау-дама Төрелік соттың қарауына тапсырылатын болады. Ол үшін Келісуші Жақтардың әрқайсысы өз төрешілерін тағайындайды. Тағайындалған төрешілер Төрелік соттың төрағалық міндеті жүктелетін үшінші төрешіні анықтайды. Келісуші Жақтар дау-дама мәселесін Төрелік сот арқылы шешу туралы дипломатиялық арналар бойынша ұсыныс хабарын алғаннан кейінгі 60 (алпыс) тәуліктің ішінде өз төрешілерін тағайындайды. Төрелік соттың төрағасы келесі 30 (отыз) күннің ішінде тағайындалады. Егер Келісуші Жақтардың бірі өз төрешісін тағайындамаса немесе белгіленген мерзімде Төрелік соттың үшінші мүшесі тағайындалмаса, онда Келісуші Жақтар төрешіні және (немесе) Төрелік соттың төрағасын дайындауды Халықаралық азаматтық авиация Ұйымы Кеңесінің Президентінен өтіне алады. Егер Президент бір Келісуші Жақтың азаматы болып табылса немесе басқа себептермен ол бұл міндетті орындай алмаса, онда вице-президент қажетті тағайындауларды жүргізетін болады. Үшінші төреші үшінші елдің азаматы болуы керек және ол төрелік соттың төрағасы есебінде қимыл әрекет жасайтын болады.

3. Келісуші Жақтар осы баптың 2 тармағына сәйкес қабылданған шешімдерді орындауға міндеттенеді.

4. Егер Келісуші Жақтардың кез келгені немесе кез келген Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорындары осы баптың 2 тармағына сәйкес берілген шешімге бағынбаған жағдайда екінші Келісуші Жақ осы Келісімнің негізінде екінші Келісуші Жаққа немесе міндеттемелерді орындамаған тағайындалған авиакәсіпорынға берген кез келген құқықтары мен жеңілдіктерін шектеуі, тоқтата тұруы немесе жоюы керек.

19-бап Түзетулер

1. Келісуші Жақтардың кез келгені осы Келісімнің кез келген қағидасын түзеткісі келген жағдайда Келісуші Жақтардың арасында дипломатиялық ноталар алмасу жолымен расталғаннан кейін мұндай түзетулер күшіне енеді.

2. Осы Келісімінің Қосымшасына түзетулер Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарының арасында тікелей келісілуі мүмкін. Олар уағдаластыққа қол жеткізген күннен бастап уақытша қолданылатын болады және дипломатиялық ноталар алмасу жолы бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

3. Екі Келісуші Жаққа қатысты әуе көлігі бойынша кез келген жалпы көпжақты Конвенция бекітілген жағдайда осы Келісім осындай Конвенцияның қағидаларына сәйкес түзетілуі мүмкін.

20-бап Келісім күшінің тоқтатылу мерзімі

1. Келісуші Жақтардың әрқайсысы кез келген уақытта жазбаша түрде екінші Келісуші Жаққа осы Келісімнің күшін тоқтату туралы өз ниетін мәлімдейді. Мұндай мәлімдеме сонымен бірге Халықаралық азаматтық авиация Ұйымының Кеңесіне жіберілетін болады.

2. Бұл жағдайда, егер осы мәлімдеме-хат төмендегі мерзімнің ішінде келісілген түрде кері қайтарылып алынбаса, онда сол мәлімдеме-хатты екінші Келісуші Жақ алған күннен кейінгі 12 (он екі) айдың ішінде Келісімнің күші тоқтатылады.

3. Екінші Келісуші Жақтың осы мәлімдеме-хатты алған туралы растау құжат болмаса, бұл мәлімдеме-хат Халықаралық азаматтық авиация Ұйымына түскеннен кейінгі 14 (он төрт) күннің ішінде оны екінші Келісуші Жақ та алды деп саналатын болады.

21-бап Халықаралық азаматтық авиация ұйымына тіркеу

Осы Келісім Халықаралық азаматтық авиация ұйымында тіркелетін болады.

22-бап Күшіне енуі

Осы Келісім Келісуші Жақтардың әрқайсысының заңдылық процедураларына сәйкес бекітілуі тиіс және оның бекітілгенін растайтын дипломатиялық ноталармен алмасқан күннен бастап күшіне енеді.

Айтылғандарды растай отырып, екі Келісуші Жақтың өкілетті өкілдері осы Келісімге қол қойды.

Келісім Алматы қаласында 1998 жылғы 3 мамыр күні екі түпнұсқа дана болып, әрқайсысы қазақ, тайландық және ағылшын тілдерінде жасалды, сонымен бірге барлық

мәтіндердің күші бірдей болады.

Түсіндіруде әртүрлі пікірлер туындаса ағылшын тіліндегі мәтіннің күші басым болады.

Қазақстан Республикасының

Тайланд Корольдігінің

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қ о с ы м ш а

1 маршруттар кестесі

Қазақстан Республикасының тағайындалған авиакәсіпорындарымен екі бағытта да әуе кемелерін пайдалануы мүмкін маршруттары:

Алматы - екі келісілген аралық пункттер - Бангкок 2 маршруттар кестесі Тайланд Корольдігінің тағайындалған авиакәсіпорындарымен екі бағытта да әуе кемелерін пайдалануы мүмкін маршруттары:

Бангкок - екі келісілген аралық пункттер - Алматы

Е с к е р т у

Маршруттар бойынша келісілген әуе жолдары авиакәсіпорынды тағайындаған Келісуші Жақ аумағының пунктінде басталған жағдайда белгіленген маршруттардың кез келген пункті (-тері) тағайындалған авиакәсіпорынның таңдауы бойынша кез келген немесе барлық ұшуларға жарауы мүмкін.